

АНЫҚТАМА

Күні: 15.09.2025ж

Тақырыбы: Ерекше оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары: таныстыру және нұсқаулық

Қатысқандар: ППҚҚ мамандары

№2 Ж.Жабаев бастауыш мектебінің психологиялық- педагогикалық қолдау қызметі мамандарымен ерекше оқушылармен жұмыс істеу барысында нұсқаулықпен танысу жұмыстары жүргізілді.

Таныстыру:

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары – олардың жеке мүмкіндіктерін, қабілеттерін ескеріп, танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған жүйелі процесс. Бұл жұмыс әр баланың оқу-тәрбие үдерісіне толыққанды қатысуына, өз әлеуетін іске асыруына жағдай жасайды.

Нұсқаулық:

1. Жоспарлау кезеңі:

Баланың ерекшелігін, даму деңгейін диагностикалау;

Жеке даму картасын құру;

Мақсат пен міндеттерді нақтылау.

2. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушыға ыңғайлы орта құру;

Арнайы әдіс-тәсілдер мен көрнекіліктерді пайдалану;

Сабақтарды ойын, арт-терапия, тренинг элементтерімен байыту.

3. Өткізу кезеңі:

Жеке және топтық түзету сабақтарын жүргізу;

Зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту жаттығуларын қолдану;

Қарым-қатынас және әлеуметтік бейімделуге жағдай жасау.

4. Қорытынды кезең:

Баланың даму нәтижелерін талдау;

Алға қойылған мақсаттарға жету деңгейін бағалау;

Ата-анаға, мұғалімге ұсынымдар беру.

Қорытынды:

Түзету-дамыту жұмыстары – ерекше оқушылардың мүмкіндіктерін шектеу емес, қайта олардың әлеуетін ашуға, қоғамға бейімделуіне, өзін сенімді сезінуіне ықпал ететін маңызды процесс.

Педагог-психолог: О.Залова

АНЫҚТАМА

Күні: 17-18.09.2025ж

Тақырыбы: Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін дамыту және белсенділігін арттыру

Қатысушылар: Бастауыш сынып оқушылары

Өткізу формасы: Топтық жұмыс, ойын жаттығулары

Мақсаты: Оқушылардың зейін, ес, ойлау, қиял, қабылдау процестерін жетілдіру, танымдық белсенділігін арттыру.

Жүргізілген жұмыс мазмұны:

1. Зейінді дамыту – «Айырмашылықты тап», «Қай сурет өзгеше?» ойындары.
2. Есті дамыту – сөздерді есте сақтау, қысқа әңгімелерді қайта айту жаттығулары.
3. Ойлауды жетілдіру – логикалық жұмбақтар, анаграммалар.

Қорытынды:

Жүргізілген жұмыс барысында оқушылар белсенділік танытып, тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Танымдық процестерді дамытуға арналған жаттығулар балалардың ойлау қабілетін, зейін тұрақтылығын, есте сақтауын, шығармашылық қиялын жақсартуға ықпал етті.

Оқушылардың ынтасы артып, өз ойларын еркін жеткізу дағдылары нығайды.

Педагог-психолог: О.Залова

Тренинг хаттамасы

Өткізілген күні: 2025 жылғы 23 қазан

Қатысқандар саны: 12 мұғалім

Тренингтің атауы: Эмоциялық күйді басқару әдістері

Мақсаты: Мұғалімдердің эмоционалды күйін тану, реттеу және басқару дағдыларын дамыту; кәсіби күйзелістің алдын алу және ішкі тепе-теңдікті сақтау жолдарын үйрету.

Тренинг барысы:

- 1. Кіріспе бөлім – «Жылы лебіз» жаттығуы

Психолог қатысушыларды шеңберге шақырып, әр мұғалім өз есімін айтып, бір жылы тілек білдірді. Атмосфераны ашық әрі сенімді ету мақсатында «Жылы сөз – жанға қуат» ережесі енгізілді.

«Менің күйім» жаттығуы:

Қатысушылар өздерінің соңғы уақытта басынан өткен эмоциялық жағдайды сурет немесе түстер арқылы бейнеледі.

«Тыныс алу арқылы тынышталу» техникасы:

Мұғалімдерге тыныс алу жаттығуы көрсетіліп, «4–4–4» әдісі (4 секунд дем алу – 4 секунд ұстап тұру – 4 секунд шығару) арқылы релаксация жасалды.

«Ойды позитивке бұру» ойыны:

Әр қатысушы жағымсыз бір жағдайды еске алып, оны позитивті оймен алмастырды.

- 3. Рефлексия – «Эмоция ағашы»

Мұғалімдер тренингтен алған әсерін түрлі түсті стикерлерге жазып, «Эмоция ағашына» ілді. Әр түс белгілі бір эмоцияны білдірді (қуаныш – сары, тыныштық – көк, шабыт – жасыл, т.б.).

- 4. Қорытынды:

Психолог мұғалімдердің белсенді қатысқаны үшін алғыс білдіріп, эмоционалды күйді басқару кәсіби табыстың кепілі екенін атап өтті.

Қорытынды:

Тренинг барысында мұғалімдер өз сезімдерін еркін білдіріп, релаксация әдістерін меңгерді. Ұжымда бірлік пен сенім атмосферасы қалыптасты.

Ұсыныс: Мұғалімдерге айына бір рет релаксациялық, медитациялық жаттығулар өткізіп тұру; эмоционалды саулықты нығайтатын ұжымдық сергіту шараларын енгізу.

Педагог-психолог: О.Залова

"Эмоциялық күйді басқару әдістері" мұғалімдермен тренингтен көріністер



АНЫҚТАМА

Күні: 26.09.2025ж.

Тақырыбы: «Күйзелісті шығармашылықпен жеңу» арт-терапиясы

Қатысушылар: 4 сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушылардың ішкі күйзелісін, эмоционалды шиеленістерін шығармашылық жұмыс арқылы жеңілдету, психологиялық жайлылықты қалыптастыру, өзін-өзі еркін сезінуге және жағымды көңіл-күйді дамытуға ықпал ету.

Өткізу әдістері:

- Арт-терапия элементтері (сурет салу, еркін бояу, коллаж жасау);
- Түстер терапиясы;
- Релаксациялық жаттығулар.

Өткізілу барысы:

Оқушыларға түрлі бояулар мен қағаздар беріліп, «Менің көңіл-күйім» тақырыбында сурет салу ұсынылды. Әр бала өз сезімін шығармашылық арқылы білдірді. Жұмыстан соң әр қатысушы өз суреті жайлы қысқаша әңгімелеп, бір-бірін қолдау сөздерімен демеді. Қорытындыда тыныс алу жаттығулары жүргізіліп, жағымды әуен қосылды.

Нәтижесі:

Балалардың көңіл-күйі жақсарды, ашық және еркін қарым-қатынас орнады. Шығармашылық жұмыстың арқасында кейбір оқушылар ішкі уайымын жеңілдетіп, өзін сенімдірек көрсетті. Арт-терапия оқушылардың психоэмоционалды жағдайына оң әсерін тигізді.

Қорытынды:

Арт-терапия арқылы бастауыш сынып оқушыларының күйзелісті жеңуге бейімділігі артты. Жаттығу балалардың эмоционалды әл-ауқатын нығайтуда тиімді әдіс екені дәлелденді.

Педагог-психолог: О.Залова

«Күйзелісті шығармашылықпен жеңу» арт-терапиясынан көріністер



А Н Ы Қ Т А М А

Күні:03-04.11.2025ж

Қатысқандар:2 сынып оқушылары

Жұмыс бағыты: Бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық даму деңгейін түзете дамыту жұмыстары

Мақсаты: Оқушылардың танымдық қабілеттерін (зейін, ес, ойлау, қабылдау, қиял) дамыту, интеллектуалдық белсенділігін арттыру және оқу іс-әрекетінде кездесетін қиындықтарды түзету.

Жұмыс мазмұны:

Түзете дамыту жұмыстары барысында оқушылармен ойын, логикалық тапсырмалар, ребус, жұмбақтар, салыстыру және талдау жаттығулары, есте сақтау мен зейінді шоғырландыруға арналған әдістемелер қолданылды. Жеке және топтық форматта өткізілді.

Нәтижесі мен қорытындысы:

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың интеллектуалдық белсенділігі орташа деңгейде екені анықталды.

Оқушы тапсырмаларды орындауда кейде кідіріс жасайды, бірақ нұсқаулық арқылы нәтижеге қол жеткізеді. Ойлау қабілетін белсендіріп, логикалық байланыстарды күшейту қажет.

Зейін тұрақсыз, есте сақтау мен ой қорытуда қиындықтар байқалады.

Қосымша түзету және дамыту жұмыстары қажет.

Ұсыныстар:

1. Зейін мен есте сақтауға арналған ойындар жүйелі жүргізу;
2. Логикалық және шығармашылық тапсырмаларды көбейту;
3. Сабақ барысында оқушының дербес ойлау белсенділігін арттыру;
4. Ата-анамен бірлесіп интеллектуалдық ойындар (жұмбақ, ребус, танымдық викторина) ұйымдастыру.

Педагог-психолог: О.Залова

А Н Ы Қ Т А М А

Күні: 18.11.2025ж

Тақырыбы: 1-4 сынып оқушыларының бейімделу дағдысын дамыту және ішкі ресурсын қолдау. Қарым-қатынас арқылы бейімделуді қалыптастыру.

Мақсаты:

1-4 сынып оқушыларының мектеп ортасына бейімделуін жеңілдету, ішкі психологиялық ресурстарын дамыту, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру және сыныптағы қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру.

Міндеттері:

- Оқушының жаңа ортаға бейімделу қабілетін дамыту;
- Өз ойын ашық айтуға, эмоциясын білдіруге үйрету;
- Топпен қарым-қатынас орнатуға дағдыландыру;
- Ішкі ресурсты (өз-өзіне сенімділік, эмоционалдық реттеу, төзімділік) дамыту.

Топтық жұмыс:

Топтық сабақтарда оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы, өзара сенім мен қолдау қалыптастыру, ұжымда өзін еркін сезіну дағдылары дамытылды. «Мен кіммін?», «Сенімді шеңбер», «Жылы сөздер», «Сенімді көпір» секілді жаттығулар қолданылды.

Нәтиже:

- Оқушылардың көпшілігі мектепке бейімделу барысында ашық, белсенді бола түсті;
- Ішкі ресурстарын (өз-өзіне сенімділік, шыдамдылық, өз ойын айту) қолдану деңгейі артты;
- Сыныпта достық қарым-қатынас күшейді;
- Оқушылар өз эмоцияларын тануға және басқаруға дағдыланды.

Қорытынды:

Жүргізілген жеке және топтық түсіндірме жұмыстары оқушылардың мектепке бейімделуіне оң әсер етті. Психологиялық қолдау баланың ішкі тұрақтылығын арттырып, қарым-қатынас арқылы эмоционалдық жайлылық орнатуға мүмкіндік берді.

Педагог-психолог: О.Залова

Х А Т Т А М А

Күні: 21.11.2025ж

Мұғалімдерге арналған тренинг : «Қиын оқушылармен жұмыс тәсілдері. Тиімді қарым-қатынас орнату»

Мақсаты: Мұғалімдердің қиын мінезді оқушылармен тиімді жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастыру, педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін дамыту, жанжалсыз орта құруға үйрету.

Қатысушылар: мектеп мұғалімдері, саны: 10

Тренинг барысы:

1. Кіріспе бөлім:

Тренер қатысушыларды тақырыппен таныстырып, қиын оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мен себептерін талқылау қажеттілігі айтылды. Қиын оқушы ұғымы, оның мінез-құлқының астарындағы себептер туралы қысқаша теориялық ақпарат берілді.

2. Жаттығу: «Қиын оқушының бейнесі»

Мұғалімдер шағын топтарға бөлініп, қиын оқушының мінез-құлқын сипаттап, себептерін анықтады. Артынан әр топ өз бейнесін таныстырды.

3. Талдау және пікірталас:

Қиын мінез-құлықтың себептері (отбасылық жағдай, өзіне назар аудартқысы келу, эмоциялық реттелмеу, зейін бұзылысы және т.б.) талқыланды. Мұғалімдердің жеке тәжірибелері тыңдалды.

4. Тренинг: «Тиімді қарым-қатынас жолдары»

Тренер «Мен-хабарламасы», белсенді тыңдау, эмпатия көрсету, позитивті қолдау секілді әдістерді үйретті. Рөлдік ойындар арқылы жағдаяттық тапсырмалар шешілді.

5. Жаттығу: «Жанжалсыз диалог»

Мұғалімдер нақты жағдайларды модельдеп, оқушымен сабырлы әрі шешімді қарым-қатынас жүргізудің жолдарын талқылады.

6. Қорытынды бөлім:

Қатысушылар өз әсерлерімен бөлісіп, тренингтен алған жаңа білім мен тәжірибе туралы пікірлерін айтты. Қиын оқушыларға көзқарастың өзгеруі мен шыдамдылықтың маңызы айтылды.

Нәтиже:

- Мұғалімдер қиын оқушылармен жұмыс жасаудың тиімді тәсілдерін меңгерді.
- Қарым-қатынасты жанжалсыз жүргізудің маңызы түсіндірілді.
- Оқу процесінде эмпатия, белсенді тыңдау, позитивті қолдау әдістерін қолдану қажеттілігі нақты мысалдармен көрсетілді.
- Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу және бір-біріне қолдау көрсету күшейді.

Қорытынды:

Тренинг мұғалімдердің кәсіби дағдысын жетілдіруге, қиын оқушылармен жұмыс жүргізудің заманауи, тиімді жолдарын игеруге мүмкіндік берді. Іс-шара өте мазмұнды өтті, қатысушылар белсенділік танытты.

- Мұғалімдер қиын оқушылармен жұмыс жасаудың тиімді тәсілдерін меңгерді.

Педагог-психолог: О.Залова

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ШАРДАРА ҚАЛАСЫ
№2Ж.ЖАБАЕВ АТЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ

**Қиын оқушылармен жұмыс тәсілдері.
Тиімді қарым-қатынас орнату.**

Дайындаған: О.Залова

2025-2026 оқу жылы

Қиын оқушылармен жұмыс тәсілдері.

Тиімді қарым-қатынас орнату

Мақсаты: Мұғалімдердің қиын оқушылармен жанжалсыз, кәсіби деңгейде қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- Қиын оқушылар мінез-құлқының себептерін түсіндіру
- Тиімді қарым-қатынас орнату жолдарын үйрету
- Мұғалімдердің кәсіби эмоционалдық төзімділігін арттыру

Қатысушылар: Мұғалімдер

Ұзақтығы: 60-80 минут

Қажетті құралдар: А4 қағаз, маркер, бейнематериал (қажет болса), тақта, стикерлер

Кіріспе бөлім (10 мин)

1. Амандасу, тренинг мақсатымен таныстыру

2. Жаттығу: «Танысу шеңбері»

Әр қатысушы өз есімі мен бір қасиетін айтады (мысалы: «Мен — Айгүлмін, мен шыдамдымын»)

Негізгі бөлім

1. Шағын дәріс: «Қиын оқушы дегеніміз кім?» (10 мин)

- Қиын мінездің себептері: отбасылық ахуал, эмоционалдық реттелмеу, өзіне назар аударту, оқу мотивациясының төмендігі
- Қате әрекетті емес, оның себебін көру

2. Жаттығу: «Жағдаяттық талдау» (15 мин)

Мұғалімдерге нақты жағдаят ұсынылады:

Мысалы: «Оқушы сабақта шулап, мұғалімге жауап қатты. Не істейсіз?»

Топпен талқылап, шешім ұсынады.

3. Тренинг: «Мен-хабарламасы» (10 мин)

Қарым-қатынасты агрессиясыз жүргізу тәсіл

– Сен кінәлісің! → Мен ренжідім, өйткені...

Мұғалімдер сөйлем құрап жаттығады.

4. Рөлдік ойын: «Тиімді диалог құру» (10 мин)

Екі мұғалім рөлге кіріп, «қиын оқушы мен мұғалім» болып, диалог жүргізеді.

Басқалар бақылайды.

5. Жаттығу: «Психологиялық ресурс» (5 мин)

Сұрақ: «Қиын оқушымен кездескенде өз сабырлылығыңызды қалай сақтайсыз?»

Жауаптар стикерге жазылып, ортақ қағазға жапсырылады.

Қорытынды бөлім (10 мин)

1. Талқылау: Не үйрендік? Қандай әдіс пайдалы болды?

**2. Рефлексия: «Мен бүгін...» сөйлемін жалғастыру

**3. Ұсыныс, психологиялық қолдау туралы ақпарат беру

Күтілетін нәтиже:

- Мұғалімдер қиын оқушылармен жұмыс жүргізуде сабырлы, кәсіби тәсілдер қолдана алады

- Қарым-қатынаста «Мен-хабарламасы» мен белсенді тыңдауды меңгереді

- Эмоциясын басқару және қолдау көрсету дағдылары артады

А Н Ы Қ Т А М А

Күні: 24.11.2025ж

Тақырыбы: "Гипербуллинг және кибербуллинг" сауалнамасы

Қатысқандар: 3-4 сынып оқушылары

3-4 сынып оқушылары арасында гипербуллинг пен кибербуллингтің бар-жоғын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Барлығы 195 оқушы қатысты.

Мониторинг нәтижесі бойынша:

1. Гипербуллинг

– Жасырын психологиялық қысым, әлеуметтік шеттету, жанама түрде кемсіту сияқты әрекеттер тіркелген жоқ.

– Оқушылардың 100% бұл түрдегі буллингке тап болмағанын көрсетті.

2. Кибербуллинг

– Әлеуметтік желілер, мессенджерлер арқылы қорлау, мазақ ету, жеке ақпаратты тарату жағдайлары анықталған жоқ.

– Оқушылардың 100% онлайн ортада буллинг фактілері болмағанын растады.

Қорытынды:

Жүргізілген сауалнама нәтижесіне сәйкес, №2Ж.Жабаев бастауыш мектебінде гипербуллинг пен кибербуллинг жағдайлары орын алмағаны анықталды. Оқушылар арасында қауіпсіз орта мен қолайлы психологиялық климат сақталған.

Педагог-психолог: О.Залова

А Н Ы Қ Т А М А

Күні: 11.12.2025ж

Тақырыбы: Қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының қорқыныштарын жеңілдету, ішкі сенімділікті қалыптастыру, жағымды эмоционалдық ахуал орнату.

Жұмыс мазмұны:

1. Диагностикалық кезең:

Оқушылардың қорқыныш деңгейі мен түрлері анықталды (сауалнама, әңгіме, сурет арқылы).

Көбінесе анықталған қорқыныштар: жалғыз қалудан, қараңғылықтан, қате жіберуден, мұғалімнің немесе ата-ананың ренішінен қорқу.

Қолданылған ойындар мен жаттығулар:

1. «Қорқыныш қапшығы»

Балалар қорқынышын жазып, қапшыққа салады. Жаттығу соңында бәрі бірігіп оны "лақтырып жібереді".

Мақсаты: Ішкі мазасыздықтан арылту.

2. «Батыл бол!» рөлдік ойыны

Қиын жағдаяттар беріледі, балалар оны сенімді түрде шешудің жолдарын ойлап, рөлге еніп орындайды.

Мақсаты: Сенімді мінез-құлықты қалыптастыру.

3. «Мен мықтымын, себебі...»

Әр бала өзін мақтайтын 3 сөйлем айтады.

Мақсаты: Өзін-өзі бағалауды арттыру.

4. «Қайсар жүрек» арт-жаттығуы

Жүрек суретінің ішіне өз батырлығын немесе жақсы қасиеттерін жазады.

Мақсаты: Ішкі ресурс пен позитивті көзқарасты дамыту.

Нәтиже:

- Оқушылар ашық, еркін пікір білдіре бастады
- Қорқыныш туралы айту арқылы ішкі жеңілдік байқалды
- Өз-өзіне сенім, позитивті ойлау қалыптасты
- Жаттығулар қызығушылықпен және белсенді өтті

Педагог-психолог: О.Залова

А Н Ы Қ Т А М А

Күні: 03-04.12.2025ж

Қатысқандар : Зынып оқушылары

Тақырыбы: Зейінді тұрақтандыру мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының зейін тұрақтылығы мен есте сақтау процесін жетілдіру, танымдық белсенділігін арттыру.

Қолданылған әдістер мен ойындар:

1. «Қателікті тап» ойыны (зейінге арналған):

Оқушыларға ішінде әдейі жіберілген қателері бар мәтін, сурет немесе тізім көрсетіледі. Олар сол қателіктерді тауып көрсетуі тиіс.

Мақсаты: Зейінді шоғырландыру, бақылағыштықты дамыту, ұсақ бөлшектерге мән беру.

2. «Жұп сөздер» ойыны (есте сақтауға арналған):

10 жұп сөз оқылады (мысалы: күн – жарық, қар – суық). Біраз уақыттан соң бір сөз айтылады, оқушы оған жұп сөзді еске түсіріп айтуы керек.

Мақсаты: Ассоциациялық есте сақтау қабілетін дамыту.

3. «Сөз тізбегі» жаттығуы:

Оқушылар бір-біріне тізбектеп сөздер айтады, ал келесі оқушы алдыңғы сөзді қайталап, жаңасын қосады.

Мақсаты: Көлемді қысқа мерзімді ес пен зейінді дамыту.

4. «Суретті есте сақтау»:

Бірнеше сурет 15-20 секунд көрсетіледі, кейін сол суреттердің ішінен есте қалғандарын атау сұралады.

Мақсаты: Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.

Нәтиже:

- Оқушылардың зейіні шоғырланып, ұсақ бөлшектерге назар аудару дағдылары артты

- Есте сақтау сапасы мен ақпаратты қайта жаңғырту жылдамдығы жақсарды

- Ойын түрінде ұйымдастырылған жұмыс балалардың қызығушылығын тудырып, белсенділікпен қатысуына әсер етті

Педагог-психолог: О.Залова

Зейінді тұрақтандыру мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар жасау сәтінен көріністер

